

"Астана қаласының аумағына құрылыс салу ережесі туралы" Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III шешіміне (Астана қаласының әділет департаменті 2004 жылғы 5 тамызда N 340 тіркеген) толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қалалық мәслихатының 2005 жылғы 17 ақпандағы N 122/16-III шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 18 наурызда N 380 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімімен

***Ескерту - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімінен
Үзінді:***

Заңнамалық нормалардың өзгеруіне және жекелеген шешімдердің қолданыс мерзімдерінің өтуіне байланысты Астана қаласының мәслихаты шешім қабылдады:

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

***Астана қаласы мәслихатының
сессия төрағасы***

***Астана қаласы мәслихатының
хатшысы***

***Астана қаласы мәслихатының
2006 жылғы 21 қыркүйектегі
N 285/35-III шешіміне қосымша***

***Астана қаласы мәслихатының күшін жойған кейбір
шешімдерінің тізімі***

10. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 17 ақпандағы N 122/16-III "Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III "Астана қаласының аумағында құрылыс салу қағидалары туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Астана қаласының әділет департаментінде 2004 жылғы 5 тамызда 340 нөмірмен тіркелген), (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2005 жылғы 18 наурызда 380 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 2 сәуірде "Астана хабары" газетінде, 2005 жылғы 2

сәуірде "Вечерняя Астана" газетінде жарияланды);

...

Астана қаласы мәслихатының хатшысы

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңның 22-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты былай деп **ШЕШТІ:**

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III шешімімен бекітілген Астана қаласының аумағына құрылыс салу ережесі (Астана қаласының әділет департаменті 2004 жылғы 5 тамызда N 340 тіркеген) мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14.1. Қала әкімдігі жобалау және (немесе) құрылыс салу мақсаттары үшін жер учаскесін беру туралы шешім қабылдағаннан кейін сәулет органы мен құрылыс салушының арасында жер учаскесін игеру туралы шарт жасасылады, онда келесі жағдайлар белгіленеді:

- 1) жер учаскесін игеру мерзімі;
- 2) жер учаскесінің игерілуін аралық бақылау мерзімі;
- 3) құрылыс салушы жер учаскесін игеру графигін орындамаған жағдайда одан жер учаскесін (пайдалану құқығын) алып қою шарттары.

Құрылыс салушының жер учаскесін (жер пайдалану құқығын) алып қою шарттары оның құрылыс салуды жүзеге асыруда шеккен шығындарының орнын толтыруды қамтамасыз етуі тиіс."

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрайымы

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы